

15 наурыз 2024 ж.



«Эйр Астана» акционерлік қоғамы

(«Эйр Астана» тобы» немесе «Топ» немесе «Компания»)

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 2023 жыл қорытындылары

Әуе қатынасына тұрақты ішкі және халықаралық сұраныстың арқасында жолаушылар ағыны мен тасымалдау мүмкіндіктің сенімді өсуі; 2024 жылға оң болжам

Негізгі көрсеткіштер

- **Құбылмалы нарықтық жағдайдағы қарқынды және тұрақты өсу**
 - Кіріс және басқа кірістер 1,2 млрд АҚШ долларын (2022 жылы 1,0 млрд АҚШ доллар) құрады, бұл төтенше нарықтық оқиғаны (ТДК) қоспағанда, 13,8% және 15,6% өсті.¹
 - Операциялық пайда 136,0 млн АҚШ долларын (2022 жылы 148,7 млн АҚШ доллары) құрады, бұл өсім 12,9%-ды құрады, LDC және отын хеджирлеуінен (СТ) түскен пайданы қоспағанда²
 - Салықты шегергеннен кейінгі пайда 68,7 млн. АҚШ долл. құрады (2022 жылы 78,4 млн. АҚШ долл.), ТНО және ЖХ-ны қоспағанда 21,5%-ға өсті
 - КЖШ (Коммерциялық жолаушы-шақырым, ағыл. RPK) 11,3%-ға өсіп, 14,6 млрд-қа жетті (2022 жылы 13,2 млрд.)
 - ҚКШ (Қолжетімді кресло-шақырым, ағыл. ASK) 11,1%-ға 17,7 млрд-қа дейін өсті (2022 жылы 15,9 млрд.)
 - ҚКШК (Қолжетімді кресло-шақырымға шаққандағы кіріс, ағыл. RASK) 2,4%-ға немесе 4,0%-ға (ТНО-ны қоспағанда) 6,6 центке дейін өсті
- **Жолаушылардың рекордтық саны; «Эйр Астана» және FlyArystan әуекомпанияларының әуепаркi мен желiлерiн кеңейту**
 - Топ тасымалданған жолаушыларының жалпы саны 10,1%-ға өсіп, 8,1 млн-ға жетті, орташа жүктеме коэффициенті 82,8% құрады (2022 ж: 82,7%).
 - Осы кезеңде Топ әуе паркінің көлемі 49 ұшаққа дейін кеңейді (2022 соңында 43 ұшақ).
 - Түркия, Үндістан, Таиланд, Өзбекстан, Грузия және Парсы шығанағы елдері сияқты негізгі бағыттар бойынша рейстердің саны, сондай-ақ Бейжіңге бағытты жаңарту негізінде Қытайға рейстердің саны артты
 - Топтың халықаралық желісі Джидда мен Дохаға жаңа бағыт ашу арқылы, сонымен қатар FlyArystan-ның аймақтардан Анталия мен Дубайға маусымдық бағыттарымен одан әрі кеңейді
- **Жоғары операциялық тиімділік және саладағы жетекші маржа**

¹ 2022 жылға арналған түзетілген EBITDAR көрсеткіші Ресейдегі ішінара мобилизациялаудың әсерінен пайда болды. Бұл өз кезегінде төтенше нарықтық оқиғаға (ТНО, ағыл. EME), 16,2 млн. АҚШ долл. көлемінде Ресейден Қазақстан арқылы және Қазақстанға келген азаматтардың ағынын болды.

² 2022 жылға арналған түзетілген EBITDAR көрсеткіші 12,1 млн. АҚШ долл. көлеміндегі жанармай хеджирлеуінен (ЖХ) түскен пайданың негізінде құрылды.

- Түзетілген EBITDAR көрсеткіші³ 4,3%-ға 300,8 млн. АҚШ долл. дейін және ТНО және ЖХ-ны қоспағанда 15,7%-ға өсті
 - Түзетілген EBITDAR маржасы⁴ 25,6% деңгейінде қалды (2022 жылы 27,9% және ТНО және ЖХ қосып түзетілгенде 25,6%).
 - ҚҚШҚ (Қолжетімді кресло-шақырым құны) 5,9 центті құрады (2022 жылы 5,6 цент).
- **Тұрақты қаржылық жағдай**
 - 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты 274,0 млн. АҚШ долл. (2022 жылы 252,9 млн. АҚШ долл.) құрады, бұл 163,7 млн. АҚШ долл. көлеміндегі несиені есептемегенде жылдық сатылымның 23,3% баламасы (болжамды өтімділік коэффициенті 37,3%) болып келеді.
 - Топтың таза несиелік қаражаты/түзетілген EBITDAR көрсеткіші 1,5 есеге дейін төмендеді (2022 жылы 1,7 есе), бұл ақша қаражатының органикалық өндірілуіне және жыл соңындағы жалдау міндеттемелері теңгерімінің төмендеуіне байланысты туындады
 - Өуе паркінің кеңеюіне қарамастан жалдау міндеттемелері 718,9 млн. АҚШ долл. дейін төмендеді (2022 жылы 732,8 млн. АҚШ долл.)
 - Компания Pratt & Whitney компаниясымен өтемақы және басқа да қолдау көрсететін келісім бойынша оң келіссөздердің соңғы сатысында.
 - **Операциялық қызметті жетілдіруді жалғастыру**
 - Ұшу реттілігі (ҰР, ағыл. OTP) 79,5% құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,2%-ға өсті.
 - «Эйр Астана» 11-ші рет «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік өуе компаниясы» номинациясы және 2-ші рет «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік қызмет» номинациясы бойынша Skytrax Award-пен марапатталды. Ал FlyArystan-ға алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік лоукостер» номинациясы бойынша Skytrax марапаты берілді.
 - Астанада Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігімен (EASA) сертификатталған, жаңа буын ұшу жаттықтырғыштарымен және бортсеріктерді даярлау құрылғыларымен жабдықталған жаңа Авиациялық оқу орталығы пайдалануға берілді.
 - Тасымалдаушының Астанадағы инженерлік-техникалық орталығында алғаш алты жылдық С-Check және тоғызыншы IOSA аудиті сәтті аяқталды.

«Эйр Астана» тобының Бас атқарушы директоры Питер Фостер:

«Өткен айда үш қор биржасында IPO сәтті өткізгеннен кейін ашық компания ретіндегі алғашқы нәтижелеріміз туралы хабарлауға қуаныштымыз. 2023 жылы «Эйр Астана» рекордтық жолаушылар санының және қызмет көрсету мүмкіндігінің артуымен тағы бір табысты кезеңді өткізді. Барлық нарықтарымыз жоғары көрсеткіштерді көрсетуді жалғастыруда. Барлық салаға қатысты шығындардың кедергілерін жеңе отырып, бизнесті дамыту және саладағы жетекші табыстылықты сақтау қабілетімізді көрсеттік. Нәтижесінде, ТНО мен ЖХ қоспағанда, Топтың EBITDAR көрсеткіші 2023 жылы тағы 16%-ға өсуді жалғастырды.

Топ нарық үлесін одан әрі ұлғайту және өуе тасымалының төмен өнуімен сипатталатын Орталық Азия мен Кавказдың көршілес нарықтарында жетекші позициямызды одан әрі нығайту үшін қызметтердің толық спектрін ұсынатын тасымалдаушылар нарығында да, арзан тасымалдаушылар нарығында да өз қызметін кеңейтуде. Біздің халықаралық

³ Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеуге дейінгі кезеңдегі кіріс, қаржылық кіріс, қаржылық шығындар, валюталық таза шығындар, амортизация және тозу және жалға алу бойынша шығындар (соның ішінде ұшақтарды ауыспалы жалдау төлемдері, қосалқы қозғалтқыштарды жалдау төлемдері, қосалқы бөлшектерді жалға алу, мүлікті жалға алу шығындары (кеңселерді жалға алу), қондырғыларды, машиналарды және жер үсті жабдықтарын жалға алу) ретінде анықталады.

⁴ Жалпы табыс және басқа кірістердің пайызымен көрсетілген түзетілген EBITDAR көрсеткіші ретінде анықталады.

жолаушылар базамыз бағыттар желісін кеңейту арқылы дамуын жалғастыруда, өйткені біз әуе тасымалының меганарықтар арасындағы стратегиялық позициямызды тиімді пайдаланамыз. Мұның негізі - 2023 жылы (флоттан шығарылған ұшақтарды есепке алғанда) алты жаңа ұшаққа таза өсім есебінен ұлғайған және жылды 49 ұшақ паркімен аяқтаған жас, заманауи және отын үнемдейтін ұшақтар паркі. Әуе кемелерінің саны кезең соңынан бастап 50-ге дейін өсті және 2024 жылдың соңына қарай 56-ға дейін өседі.

IPO-дан түскен қаражат біздің қызметімізді одан әрі кеңейтуге және тасымалдау қабілеттілігімізді арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы жеткіліксіз түрде дамыған авиациялық нарықты дамыту және халықаралық байланыстарды нығайтуға байланысты өсу мүмкіндіктерін пайдалануға барлық жағдайлар бар.»

Операциялық және қаржылық есеп

	2023	2022	ж/ж %
Жолаушылар (млн.)	8,1	7,3	10,1%
Кезең соңындағы ұшақ паркі	49	43	14,0%
Жолаушылар жүктеме коэффициенті	82,80%	82,70%	0,1%
Барлық табыс және басқа кірістер, млн. АҚШ долл.	1 174,5	1 032,4	13,8%
<i>ТНО мен ЖХ қосқанда</i>	-	1 016,2	15,6%
Түзетілген EBITDAR (мың АҚШ долл.)	300 794	288 382	4,3%
<i>ТНО мен ЖХ қосқанда</i>	-	260 084	15,7%
ҚКШ (млрд)	17,7	15,9	11,1%
Коммерциялық жолаушы-шақырым (КЖШ) (млрд)	14,6	13,2	11,3%
ҚКШК (АҚШ центі)	6,64	6,48	2,4%
<i>ТНО мен ЖХ қосқанда</i>	-	6,38	4,0%
ҚКШҚ (АҚШ центі)	5,87	5,55	5,8%
<i>ТНО мен ЖХ қосқанда</i>	-	5,63	4,3%
Ақша қаражаттары және баламалары (мың АҚШ долл.)	274 006	252 888	8,4%
Түзетілген таза қарыз (мың АҚШ долл.)	445 299	492 012	(9.5%)
Топтың ҰР	79,5%	74,1%	7,2%

Болжамдар

Топ 2024 жылы қызмет көрсету мүмкіндігінің ұлғаюымен және әуе паркінің кеңеюімен қамтамасыз етілген одан әрі өсуді күтеді. Бұған 2023 жылдың соңындағы 49-дан 2024 жылдың соңында 56-ға дейін өсетін жеті ұшақтың таза өсімі кіреді. Өсу екі бренд үшін де, әсіресе FlyArystan үшін және халықаралық бағыттар бойынша тұрақты болады.

Топтың Орталық Азия мен Кавказдағы көршілес нарығы жан басына шаққандағы әуе қатынасының төмен деңгейімен және Топтың осы нарықтағы күшті позициясымен сипатталатын перспективалы өсу мүмкіндігі болып қала береді. Сонымен қатар, жақын маңдағы меганарықтар, соның ішінде Қытай мен Үндістан, сондай-ақ Азия, Парсы шығанағы, Түркия және Еуропаға «лайфстайл» бағыттары Топ үшін одан әрі өсу мүмкіндіктерін ашады.

ҚКШҚ (ағыл.CASK) 2024 жылы ҚКШК-дан (ағыл.RASK) асып түседі деп күтілсе де, EBITDAR орта мерзімді маржа шамамен 25-29% деңгейінде жоспарланған, ал жолаушылар жүктемесі жалпы алғанда 2023 жылғы деңгейге сәйкес келеді.

Қаржылық тұрақтылық орта мерзімді перспективада өтімділік коэффициенті 25%-дан жоғары және EBITDAR бойынша таза түзетілген қарыз үш пайыздан төмен болып қалады деп күтілуде.

Конференц-байланыс

Басшылық 2024 жылы 15 наурызда Астана уақытымен сағат 15:00 презентацияның веб-трансляциясын және сұрақ-жауап конференциясының тікелей эфирін өткізеді. 2023 қаржылық жылының нәтижелері және веб-трансляцияның жазбасы компанияның <https://ir.airastana.com> веб-сайтында қолжетімді болады.

Іс-шараға тіркелу және конференц-байланысқа қосылу үшін:

Ағылшын тілінде:

<https://www.lsegissuerservices.com/spark/AIRASTANAJOINTSTOCKCOMPANY/events/77402f21-fe56-4a20-92f1-5b294f59e5fe>

Қазақ тілінде:

<https://www.lsegissuerservices.com/spark/AIRASTANAJOINTSTOCKCOMPANY/events/482972a9-a02e-4dd9-9010-e0c213af3981>

Орыс тілінде:

<https://www.lsegissuerservices.com/spark/AIRASTANAJOINTSTOCKCOMPANY/events/529d095a-09dc-4807-b448-3eea4842e741>

Қосымша ақпарат алу үшін келесі деректер бойынша хабарласыңыз:

«Эйр Астана» компаниялар тобы

Ирина Мартинес (Инвесторлармен байланыс бөлімінің бастығы) investor.relations@airastana.com
+7 727 258 41 36

Белла Тормышева (Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі Вице-президент) media@airastana.com
+7 727 258 41 35

Instinctif Partners («Эйр Астана» тобының PR және инвесторлармен байланыс жөніндегі кеңесшісі) airastana@instinctif.com

Дамиан Рис +44 7931 598 593
Джо Квинлан +44 7493 867 439
Вивиан Лай +44 7493 867 459

«Эйр Астана» компаниялар тобы туралы

«Эйр Астана» компаниялар тобы - кірісі мен әуе паркінің көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуе компаниялар тобы. Топ 2002 жылы алғашқы рейсін жасаған толық қызмет көрсететін «Эйр Астана» әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған FlyArystan лоукостері арасында бөлінген 50 ұшақ паркіне ие. Топ орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа бойынша ішкі, аймақтық және халықаралық бағыттар бойынша жоспарлы, белгіленген пункттер арасында және транзиттік, қысқа және ұзақ мерзімді әуе тасымалын және жүктер тасымалын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» он бір рет Skytrax World Airline Awards марапатында «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік әуе компаниясы» атанып, Жолаушылар әуе компаниялары қауымдастығының (APEX) ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. FlyArystan сонымен қатар алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік лоукостер» номинациясы бойынша Skytrax сыйлығымен марапатталды және бүкіл әлем бойынша Skytrax 4-жұлдызды он екі әуе компанияларының бірі болып табылады. Топтың құнды қағаздары Қазақстан қор биржасында, Астана халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында орналастырған (биржалық код: AIRA).

Глоссарий

Терминдердің анықтамаларын Қаржылық шолудың астындағы Глоссарийден қараңыз.

Операциялық шолу

2023 жылы Топ Қазақстанның жеткіліксіз дамыған ішкі нарығынан пайда алып, көршілес аумақтармен және шет елдермен әуе қатынасын кеңейте отырып, ішкі, жақын және халықаралық нарықтарда табысты өсуді қамтамасыз ету стратегиясын жүзеге асыруда айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Әуе паркін және желіні кеңейту

Топ әуе паркінің дамуына және желінің кеңеюіне қолдау көрсетуді жалғастыруда. Бұл стратегиялық тұрғыдан маңызды, өйткені ол өзінің әуе компанияларына Орталық Азияның қарқынды дамып келе жатқан авиациялық нарықтарында мүмкіндіктер пайда болған кезде жаңа бағыттар бойынша қызмет көрсету мүмкіндігін арттыруға икемділік береді.

2023 жылы ұшақтардың жалпы саны жыл қорытындысы бойынша 43-тен 49-ға дейін өсіп, 91 бағыт бойынша 43 белгіленген пунктке әуе тасымалын іске асырды. «Әйр Астана» екі ұшақты қосу арқылы, атап айтқанда А321LR және А320neo, өз паркінің көлемін А320, В767 және Embraer E190 тобының 31 ұшағына дейін жеткізді. FlyArystan 188 орындық төрт А320 ұшағын қабылдап, әуе паркін тек А320 тобы бойынша 18 ұшаққа дейін арттырды. 2023 жылы алты ұшақтың толық қосылуы жаңа бағыттардың енгізілуі мен қолданыстағы бағыттардың тығыздығын қолдайтын, ішкі және жақын нарықтарға қызмет көрсете алатын тар фюзеляжды А320neo-ға бағытталды. Әуе паркі Топ бойынша орташа жасы 5,3 жылды құрып, жас және заманауи болып қала береді.

Топ қазірдің өзінде Қазақстанның, Орталық Азияның және Кавказдың кез келген басқа әуе компанияларына қарағанда көбірек бағыттарды пайдалана отырып, олардың шеңберінде қызмет көрсетеді. Нарықтағы бұл үстем жағдай 2023 жылы Азияның маңызды бағыттарына жаңа бағыттардың енгізілуімен ұзартылды. «Әйр Астана» Джидда, Доха және Тель-Авивке (уақытша тоқтатылған) төрт жаңа бағытты енгізді, сондай-ақ Қытайдағы Бейжіңге рейстерді жаңартты. FlyArystan Дели, Доха, Ташкент және Үрімші қалаларына, сондай-ақ аймақтардан Анталия мен Дубайға маусымдық бағыттарды іске қосты.

Тасымалдау қабілеттілігінің артуы және тұрақты жүктеме коэффициенті

2023 жылы әуе паркін кеңейту стратегиясының сәтті орындалуы Топтың ҚКШ көрсеткішін 11,1%-ға 17,7 млрд. дейін және КЖШ көрсеткішін 11,3%-ға 14,6 млрд. дейін өсуіне алып келді. 2019 жылмен салыстырғанда ҚКШ көрсеткіші 19,7%-ға және КЖШ көрсеткіші 40,2%-ға өсіп, бұл COVID-тен кейін Топтың сектордағы жетекші рөлін сақтауға көмектесті. Тасымалдау қабілеттілігінің артуына қарамастан, басшылық Компанияның Топтық деңгейде 82,8% жоғары жүктеме коэффициентін сәтті сақтауын қамтамасыз етті, бұл 2022 жылғы 82,7% көрсеткішіне сәйкес келеді және 2019 жылы COVID-ке дейінгі деңгейден 70,7%-ға айтарлықтай жоғары. Берілген көрсеткіш әсіресе FlyArystan-да жоғары болды, бұл оның жүктеме коэффициентін 86,7%-дан 89,2%-ға дейін арттырды (іске асырылған жүктеме коэффициенті 93%), ал ж/ж КЖШ 14,8%-ға өсті.

Осы кезеңде Топтың ҚКШК көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 2,4%-ға өсті, бұл үш жыл қатарынан оң үрдістің жалғасы болып табылады.

Топ 2022 жылдың наурызында Ресейге, Ресейден және оның үстінен барлық рейстерді тоқтатты. 2022 жылы ҚКШК көрсеткішіне Ресейден Қазақстанға және Қазақстан арқылы 2022 жылдың төртінші тоқсанында ішінара мобилизациялаудан оң әсер етті. Мұндай үдеріс 2023 жылдың 4 тоқсанында қайталанбады. 2022 жылы Ресейдегі мобилизациялаудың әсерін есепке алмағанда, 2023 жылы ҚКШК ж/ж өсімі алдындағы жылмен салыстырғанда 4,0% құрады.

Брендтер бойынша Air Astana жеткізілімін оңтайландыруды жалғастыру 2023 жылы ҚКШК кірісінің 2,4%-ға өсуін қамтамасыз етті, ҚКШК кірісінің жалпы өсімі 2019 жылмен салыстырғанда 26,0%-ға өсті. FlyArystan 2023 жылы ҚКШК кірісінің өсімі 11,0% құрады, бұл маршрут желісін үздіксіз оңтайландырудың, сондай-ақ ҚКШК кірісі жоғары халықаралық нарықтардағы мүмкіндіктердің ұлғаюының нәтижесінде болды.

FlyArystan компаниясының «Әйр Астана» компаниялар тобы құрамындағы тәуелсіз басшылығы оған халықаралық деңгейде салыстырылатын лоукостерлер арасында ең төмен тарифтердің

бірімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл оған ҚКШҚ көрсеткіші жоғары әуе компанияларымен салыстырғанда жүктеме коэффициенті төмен жаңа бағыттарда бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы отандық чемпион және көшбасшы

«Эйр Астана» компаниялар тобы» орындар саны бойынша Орталық Азия мен Кавказдағы ең ірі әуе компаниялар тобы болып қала береді. Қазақстанның ішкі нарығында Топтың нарықтық үлесі 67%-ды құрады, жалпы орын саны 9,3 млн. жетті. 2019 жылы іске қосылғаннан бері FlyArystan ішкі нарықтағы үлесін 12%-дан 37%-ға дейін арттырды, бұл FlyArystan компаниясының ішкі нарықтағы қолжетімді әуе билеттерінің танымалдылығын және оның Қазақстан халқының көп бөлігі үшін арзан сапарларға қол жеткізудегі маңызды рөлін атап өтті.

Соңғы өсімге қарамастан, Қазақстандық нарық әлі де жеткіліксіз қызмет көрсетуде, саяхатқа бейімділіктің төмендігі өсудің айтарлықтай пайдаланылмаған мүмкіндіктерін тудырады. Қазақстанға әуе тасымалының енгізілуі Түркия мен Малайзия сияқты дамып келе жатқан экономикалармен салыстырғанда шамамен екі есе төмен, ал аймақта одан да төмен.

Халықаралық трафиктің айтарлықтай өсуі

Орталық Азия аймағын әлемнің басқа елдерімен байланыстыратын жетекші позициясын және әуе тасымалын одан әрі ырықтандыруды пайдалана отырып, «Эйр Астана» компаниялар тобы 2023 жылы Қазақстаннан халықаралық бағыттар бойынша нарық үлесінің 45%-на жетті. Топтың халықаралық жолаушылар базасы соңғы жылдары айтарлықтай дамыды, «Эйр Астана» да, «FlyArystan» да Ресей/Украина нарықтарынан шықты. Бұл олардың желілерін Түркия, Грузия, БАӘ, Өзбекстан, Таиланд, Греция, Черногория және т.б. сияқты басқа халықаралық бағыттарға кеңейтумен ауыстырылды. Компанияда 5,9%-ға 7,7 млрд-қа дейін өскен ішкі КЖШ көрсеткішімен салыстырғанда халықаралық КЖШ көрсеткішінің 15,5%-ға 10,0 млрд-қа дейін елеулі өсімі байқалды. Халықаралық КЖШ 13,4%-ға яғни 7,6 млрд-қа дейін, ал ішкі КЖШ көрсеткіші 9,1%-ға 7,0 млрд-қа дейін өсті. Атап айтқанда, FlyArystan лоукостер моделі 2023 жылы халықаралық КЖШ көрсеткішінің 30,6%-ға ерекше өсуімен Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы әуе тасымалына сұранысты ынталандыруды жалғастыруда.

Pratt & Whitney PW1100G қозғалтқыштары

2023 жылдың шілдесінде Pratt & Whitney қозғалтқыштарды өндіру кезінде пайдаланылған ластанған материалға байланысты қозғалтқыштар өнімін қайтарып алуды жариялады, бұл А320neo ұшақтарын пайдаланатын әлемдік әуе компанияларының жұмысында ақаулар тудырды. Қазіргі уақытта «Эйр Астана» компаниялар тобында PW1100G қозғалтқыштарымен жабдықталған 28 А320neo ұшағы бар.

Компания 32 қозғалтқышты ауыстыруды жоспарлады. Компанияның 2024 жылы әуе паркін таза жеті ұшақпен толықтыру, Бас атқарушы директордың қосымша мүмкіндіктері, қосалқы қозғалтқыштарды жалға алу/сатып алу және қалған циклдарды басқару үшін қолданыстағы қозғалтқыштарды қалпына келтіру арқылы бұл өзгерістің операциялық ықпалын азайтуды жалғастыруға барлық мүмкіндіктері бар. Бүгінгі күні компанияда бес қосымша қосалқы қозғалтқыш бар және 2024 жылы тағы үш қозғалтқыш болады деп күтілуде (екеуі жалға алынған және біреуі сатып алынған). Компания P&W компаниясымен өтемақы мен басқа да қолдауды қамтамасыз ететін келісім жасасу туралы оң келіссөздердің озық сатысында.

Операциялық қызмет тиімділігі мен қауіпсіздік міндеттемесі

Топ әлі күнге дейін өзінің әуе кемелері паркін қатаң қауіпсіздік стандарттарымен қамтамасыз ету және ұшқыштар мен экипаж мүшелерінің біліктілігін арттыру бойынша озық операциялық қызмет тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2023 жылдың қыркүйегінде Топ ұшқыштар қызметінің жоғары стандарттарын қолдауға өз міндеттемелерін көрсете отырып, Астанадағы Авиациялық оқу орталығын пайдалануға берді. Орталық L3Harris компаниясынан сатып алынған және EASA сертификатталған Орталық Азиядағы алғашқы Қазақстандық толық ұшу жаттықтырғыштарымен жабдықталған. Жинақталған

ұшу деректерін пайдалана отырып, қозғалыстың алты деңгейіне дейін модельдейтін құрылғы аэродинамиканың, ұшуды басқарудың және жердегі өңдеу сипаттамаларының шындықты көрсететініне көпілдік береді. Ұшқыштарды даярлаудан басқа, Топ экипаж мүшелеріне арналған оқу-жаттығу құрылғыларына, соның ішінде Кабинаны шұғыл эвакуациялау бойынша және міндетті түрде қайталанатын жаттығуларға қажетті Өрт сөндіру жаттықтырғыштарына қаржы салды.

2023 жылдың желтоқсан айында Топ Астанадағы тасымалдаушының инженерлік-техникалық орталығында С-check нысаны бойынша алты жылдық техникалық байқауды сәтті аяқтады. Бұл Топтың тоғызыншы (IOSA тексеруін өткеннен кейін іске асырылды. Топ алғаш рет 2007 жылы тексеруден өтті, кейін қауіпсіздік стандарттарына қатысты міндеттемелерін екі жыл сайын растап отырды. Келесі тексеру 2025 жылы өткізіледі.

Тұрақтылықтың ең жоғары стандарттары бар отын тиімділігі

Топ әлі күнге дейін берілген саладағы ең жас әуе паркілердің бірі болып табылатын экологиялық бастамалардың алдыңғы қатарында және CO₂ шығарындыларын азайту бойынша үздіксіз күш-жігерін салуда. 2023 жылы Топтың бір ҚЖШ-ге CO₂ шығарындылары 0,076-ға дейін төмендеді. Бұл бағытта Топ 2015 жылдан бері тұрақты төмен көрсеткіштер көрсетіп келе жатыр.

2023 жылы Төменкөміртекті дамытудың он жылдық бағдарламасы әзірленді. Ол Топтың парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсаттарын белгілеп, жалпы Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатына сәйкес келеді. Берілген бағдарлама арқылы Компания ескі буын Airbus топ ұшақтарын жаңа қозғалтқыштармен жабдықталған жаңа буын A320 және A321neo ұшақтарымен алмастырады. Бұл Airbus мәліметтері бойынша алдыңғы буын A320ceo ұшақтарымен салыстырғанда отын шығынын 20%-ға, CO₂ (NO_x) шығарындыларын 20%-ға және шуды 50%-ға азайтады.

Осы кезеңде Компания «PetroChina Int. Kazakhstan» компаниясымен SAF өндіру бойынша Стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойды. Топ ЕҚДБ демеушілігімен «Қазмұнайгаз» компаниясымен бірлесіп Қазақстанда Экологиялық таза авиациялық отын өндірісін дамыту нұсқаларын зерттейтін жобаның бір бөлігі болып табылады.

Марапатқа ие болатын тұтынушыларға қызмет көрсету және қызметкерлерді тарту

Топ әлі күнге дейін тұтынушыларға қызмет көрсетудің марапатқа ие деңгейлері үшін танылуда. 2023 жылы «Эйр Астана» он бір жыл қатарынан Skytrax World Airline Awards марапатында «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік әуе компаниясы» және екінші рет «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік қызмет» иегері атанды. Сонымен қатар «FlyArystan» алғаш рет Skytrax компаниясымен «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік лоукостер» ретінде танылды және бүкіл әлем бойынша осы санаттағы он екі лоукостердің бірі болуға құқық беретін Skytrax 4-жұлдызды рейтингісіне ие болды. Осы кезеңде «Эйр Астана» бірнеше APEx марапаттарына ие болды, соның ішінде негізгі әуе компаниясы санатындағы бес жұлдызды рейтингке ие болды.

2023 жылы «Эйр Астана» NPS және CSAT орташа көрсеткіштері сәйкесінше 46 және 79 құрады, бұл 2022 жылғы орташа көрсеткіштермен - 36 және 75 - салыстырғанда 28% және 5%-ға ұлғайғанын байқауға болады. «FlyArystan» NPS және CSAT орташа көрсеткіштері 2023 жылы сәйкесінше 37 және 84 құрады, бұл 2022 жылғы орташа көрсеткіштермен салыстырғанда - 32 және 84 сәйкесінше - 16% және 2%-ға жақсарды.

2023 жылы «FlyArystan» тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған бірнеше бастамаларды іске асырды. Бұған «Жеке құрылғыларды пайдалану» (ағыл. BYOD, bring your own device) саясатын енгізу және «FlyArystan» жұмыс істейтін барлық ішкі әуежайларда 36 «iJan» дербес қызмет көрсету киоскілерін орнату арқылы ұшу кезінде бос уақытты ұйымдастыру жүйелері кіреді.

Топ Қазақстандағы таңдаулы жұмыс беруші ретінде өз қызметкерлерімен өзара әрекеттесуді жалғастыруда. The Talentist мәліметтері негізінде, атап айтқанда Ipsos жүргізген жұмыс берушілердің брендтерін қабылдау бойынша ауқымды зерттеу бойынша 2023 жылы Топ көлік

секторындағы «Ең тартымды жұмыс беруші» ретінде танылды және 1 000-нан астам қызметкері бар Қазақстандағы 100 компанияның ішінде екінші орынға ие болды. Сонымен қатар, 2023 жылғы қызметкерлерді тарту сауалнамасының нәтижелері бойынша 5-тен 4,13 ұпайды жинады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен - 4,10 ұпайдан жоғары екенін байқауға болады.

Қаржылық шолу

2023 жыл COVID-19 пандемиясынан және Ресей-Украина шиеленісінен туындаған қос дағдарыстан кейінгі операциялық және қаржылық көрсеткіштер бойынша Топтың тұрақты өсуінің үшінші жылы болып саналады.

Бұл нәтижелер есеп негізінде және 2022 жылы екі фактордың әсерін болдырмау үшін түзетілген нұсқада да ұсынылған: біріншіден, 2022 жылдың 4 тоқсанында Ресейдегі ішінара мобилизациялаудан туындаған ТНО, бұл Ресейден Қазақстанға азаматтардың бір реттік ағынына және 2022 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында 16,2 млн. АҚШ долл. көлеміндегі кіріске әсер етті; екіншіден, жанармай хеджирлеуінен туындаған (ЖХ) 12,1 млн. АҚШ долл. дейін кіріс. Басшылық бұл түзетулер Компанияның негізгі көрсеткіштерін нақтырақ көрсетеді деп санайды.

Топтың табысы және басқа кірістері 2022 жылғы 1 032,4 млн. АҚШ долл.-мен салыстырғанда 2023 жылы 142,1 млн. АҚШ долл. немесе 13,8%-ға 1 174,5 млн. АҚШ долл.-на дейін өсті. 2022 жылы ТНО-ны есептемегенде, табыс пен басқа кірістер 158,3 млн. АҚШ долл. немесе 15,6%-ға өсті.

Түзетілген EBITDAR көрсеткіші 2022 жылғы 288,4 млн. АҚШ долл.-мен салыстырғанда 12,4 млн. АҚШ долл. немесе 4,3%-ға 300,8 млн. АҚШ долл.-на дейін өсті. ТНО мен ЖХ қоспағанда, түзетілген EBITDAR көрсеткіші 2022 жылғы 260,1 млн. АҚШ долл.-мен салыстырғанда 40,7 млн. АҚШ долл. немесе 15,7%-ға өсті.

Операциялық пайда 2022 жылғы 148,7 млн. АҚШ долл.-мен салыстырғанда 12,7 млн. АҚШ долл. немесе 8,6%-ға 136,0 млн. АҚШ долл.-на дейін төмендеді. ТНО мен ЖХ әсерін есепке алмағанда, операциялық пайда 2022 жылғы 120,4 млн. АҚШ долл.-нан 15,6 млн. АҚШ долл.-на немесе 12,9%-ға өсті.

Бір жылдағы пайда 68,7 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 9,7 млн. АҚШ долл.-на немесе 12,4%-ға аз. 2022 жылы ТНО мен ЖХ қоспағанда, пайда 12,2 млн. АҚШ долл.-на немесе 21,5%-ға өсті.

Таза қаржылық шығындар 2022 жылғы 32,3 млн. АҚШ долл.-мен салыстырғанда 2023 жылы 2,8 млн. АҚШ долл. немесе 8,8%-ға 35,1 млн. АҚШ долл.-на дейін өсті, бұл негізінен әуе кемелері паркінің кеңеюі нәтижесінде жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстардың 9,3 млн. АҚШ долл.-на өсуіне байланысты. Алайда банктік депозиттер бойынша пайыздық кіріс 7,8 млн. АҚШ долл. өсті.

2023 жылы валютаның таза шығыны 13,8 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2022 жылы хабарланған 15,1 млн. АҚШ долл.-мен салыстырғанда 1,3 млн. АҚШ долл. азайды.

2023 жылдың желтоқсан айының соңындағы ақша қаражатының жалпы сомасы 274,0 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2022 жылдың желтоқсан айының соңымен салыстырғанда 21,1 млн. АҚШ долл. немесе 8,4%-ға өсті (жалпы сомасы 163,7 млн. АҚШ долл. құрайтын несие желісін есептемегенде).

Табыс факторлары

2023 жылы табыс пен басқа кірістердің өсуіне КЖШ және ҚКШК көрсеткіштерінің сәйкесінше 11,1% және 2,4% артуы арқылы қол жеткізілді.

Топ (млн. АҚШ долл.)	2023	2022	Ауытқу	%
Табыс және басқа кірістер				
Жолаушылар тасымалы	1 143,6	998,1	145,5	14,6%
Жүк және пошта	22,5	22,1	0,4	1,8%
Басқа кірістер	8,4	12,1	(3,7)	(30,8%)

Жалпы табыс және басқа кірістер	1 174,5	1 032,4	142,1	13,8%
--	----------------	----------------	--------------	--------------

2023 жылы халықаралық КЖШ көрсеткішінің 15,5%-ға өсуі ішкі өсімнен 5,9%-дан үш есеге жуық асып түсті. «Эйр Астана» және «FlyArystan» брендтері Орталық Азия мен Кавказдың кеңейтілген ішкі нарығында, сондай-ақ жақын маңдағы халықаралық нарықтарда кеңейді. Халықаралық КЖШ көрсеткішінің өсуі екі компания бойынша да екі таңбалы болса, FlyArystan-ның 30,6%-дық халықаралық өсімі «Эйр Астанадан» (13,6%) асып түсті. 2023 жылдың маусымынан бастап әуежайлардағы алымдарды және Қазақстандық жеке басын куәландыратын және қауіпсіздік алымдарын өндіріп алу кірістің одан әрі өсуіне ықпал етті.

Жалпы алғанда, жүк тасымалы мен пошта жөнелтілімдерінен түсетін кірістер 0,4 млн. АҚШ долл.-на өсті, бұл негізінен жүк көлемінің 2%-ға артуына, жүк түрлерінің ассортиментіне және ішкі бағыттардағы пошта жөнелтілімдерінен түсетін кірістердің артуына байланысты.

Басқа кірістер 2022 жылдың желтоқсанында жалпы сомасы 4,6 млн. АҚШ долл. құрайтын сақтандыру талаптарының қанағаттандырылуына байланысты 3,7 млн. АҚШ долл.-на төмендеді.

Шығындарды анықтайтын факторлар

Жалпы операциялық шығындар 154,9 млн. АҚШ долл. немесе 17,5%-ға өсті, 2022 жылы берілген көрсеткіш сәйкесінше 142,7 млн. АҚШ долл. немесе 15,9% құрады. Бұл негізінен тасымалдау қабілеттерінің 11,1% жыл сайын 11,1%-ға артуының нәтижесі болды.

Топ (млн. АҚШ долл.)	2023	2022	Ауытқу	%
Операциялық шығындар				
Жанармай	279,2	231,9	47,3	20,4%
Қызметкерлер мен экипаж шығындары	193,1	148,9	44,2	29,7%
Амортизация және тозу	162,0	135,2	26,8	19,9%
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	108,2	125,9	(17,7)	(14,1%)
Әуежай қызметтері және навигация	105,7	84,9	20,8	24,5%
Жолаушыларға қызмет көрсету	101,1	80,3	20,8	25,9%
Іске асыру шығындары	40,4	33,3	7,2	21,6%
Басқа операциялық шығындар	48,8	43,3	5,5	12,7%
Жалпы операциялық шығындар	1 038,5	883,7	154,9	17,5%

2023 жылы жанармай шығындары 47,3 млн. АҚШ долл. немесе 20,4%-ға өсті. 2022 жылы Компания жалпы сомасы 12,1 млн. АҚШ долларын құрайтын жанармай хеджирлеуден пайда тапты, оны есептемеген жағдайда өсім 14,4% құрайды және 35,1 млн. АҚШ долларына жетті. Жанармай шығыны 8,8%-ға өсті, ал 2022 жылы бір тонна метрикалық отынның орташа құны 786 АҚШ долл. құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 32 АҚШ долл. немесе 4,2%-ға өсті.

Қызметкерлер мен экипаж мүшелерінің шығындары 44,2 млн. АҚШ долл. немесе 29,7%-ға өсті, бұл көрсеткіш негізінен ұшқыштардың жалақысын халықаралық нарыққа сәйкес түзетуге байланысты өзгерді. Сонымен қатар, Топ бойынша қызметкерлер саны 4,6%-ға өсті (операциялық қызметкерлер саны 5,1%-ға, ал әкімшілік қызметкерлер саны 2,0%-ға өсті). Бұл шығындар базасы берілген саладағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі болып қала береді.

Амортизация құны негізінен әуе паркінің өсуіне байланысты 26,8 млн. АҚШ долл. немесе 19,9%-ға өсті. Бұл өз кезегінде ішінара инженерлік және техникалық қызмет көрсету шығындарымен өтелді, олар 2023 жылы 17,7 млн. АҚШ долл. немесе 14,1%-ға қысқарды. Сонымен қатар, 2022 жылы тартқыш реверсерді жөндеуге кеткен шығындар есепке алынды, ал сақтандыру талаптарын өтеу 2022 жылдың желтоқсанында 4,6 млн. АҚШ долл. көлемінде басқа кіріс ретінде танылды.

Әуежай қызметтері, ұшып-қону ақысы және навигация шығындары, сондай-ақ жолаушыларға қызмет көрсету ақысы әрқайсысы 20,8 млн. АҚШ долл. немесе сәйкесінше 24,5% және 25,9%-ға өсті. Бұған жалпы инфляция әсер еткенімен, шығындардың өсуінің негізгі көзі ішкі КЖШ көрсеткішімен салыстырғанда халықаралық КЖШ көрсеткішінің жоғары өсуі болып саналады (сәйкесінше 15,5% және 5,9%).

Сату шығындары 2022 жылмен салыстырғанда 7,2 млн. АҚШ долл. немесе 21,6%-ға өсті, бұл негізінен құны жоғары халықаралық станциялардағы қызмет ету ұлғаюына байланысты.

Басқа шығындар 5,5 млн. АҚШ долл. немесе 12,7%-ға өсті, бұл көрсеткіш негізінен әуе паркінің кеңеюі мен қызмет аясын кеңейту, сондай-ақ тарифтердің жоғарылауы нәтижесінде сақтандыру шығындарының 2,6 млн. АҚШ долл.-на өсуіне, сондай-ақ салықтардың 2,5 млн. АҚШ долл.-на артуына, негізінен 2022 жылы салыстыру базасының төмен болуына байланысты (резидент емес компаниялардан салықты ұстап қалудың бұрын жарияланған есептеулерін түзету) және 2023 жылы Үндістанда қызметі іске асырудың ұлғаюы нәтижесінде төленген салықтарға қатысты шығындардың өсуіне байланысты өзгерді.

Жалпы салалық шығындардың кедергісін азайту

Әлемдік авиация саласы 2023 жылы шығындардың инфляциялық қысымынан зардап шекті. Топтық ҚКШҚ көрсеткіші 5,8%-ға өсті, соның ішінде: қызметкерлердің шығындарының артуы, негізінен ұшқыштар мен экипаж мүшелерінің жалақысының өсуіне байланысты; әуе паркінің кеңеюіне байланысты амортизациялық аударымдардың ұлғаюы; және жолаушыларға қызмет көрсету және әуежай қызметтері мен навигация төлемдері, негізінен халықаралық бағыттардағы операциялардың ұлғаюына және инфляцияға байланысты өсті. ҚКШҚ жанармай құрамдас бөлігі 8,4%-ға артты, бұл 2022 жылы жанармай хеджирлеуінің 12,1 млн. долл. тұрақты өсіміне және жанармайдың орташа бағасының 4,2%-ға өсуіне әсер етті. 2022 жылы жанармай хеджирлеуінің өсуін есепке алмағанда, 2023 жылы Топтық ҚКШҚ жалпы көрсеткіші 4,3%-ға артты. КЖШ көрсеткіші бойынша жанармайдың жануы 2,1%-ға жақсарды.

Авиакеросиндердің бағасы мен қолжетімділігі нарық конъюктурасына, жергілікті және жаһандық мұнай өңдеу қуаттылығына, нарықтағы профицит пен тапшылық кезеңдеріне, сондай-ақ компания бақылай әрі дәл болжай алмайтын бүкіл әлемде болып жатқан метеорологиялық, экономикалық және саяси факторлар мен оқиғаларға байланысты өзгеруде. Жанармай шығындары 2023 жылы Топтық жалпы операциялық шығындарының 27% құрады, 2022 жылы бұл көрсеткіш 26% құрады. 2023 жылы Топ шамамен 348 мың тонна авиакеросинді пайдаланды, 2022 жылғы көрсеткіш - 320 мың тонна. Компания ескіріп бара жатқан ұшақтарды алмастыратын Airbus A320neo, Airbus A321neo және Airbus A321LR модельдері сияқты үнемді қозғалтқыштары бар ұшақтарды жеткізуді жалғастырды. Сонымен қатар, Компания жанармай шығындарын мүмкіндігінше Қазақстанның жанармай өндірушілері мен мұнай өңдеу зауыттарынан тікелей сатып алу, отандық және халықаралық станциялардың балама жеткізушілерін бақылау әрі өз ұшқыштарын отынды тиімді қолдануға үйрету арқылы басқаруға тырысады.

Тұтастай алғанда, Компания қызметі әлі де шығындардың кедергісін азайтуға, мысалы, негізгі жеткізушілермен қарым-қатынасын мұқият басқаруға, жеткізілім сапасы мен дәйектілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, сондай-ақ шығындар жағдайын қорғауға бағытталған. «Эйр Астана» компаниялар тобының негізгі жеткізушілеріне оның әуежайлары, азық-түлік жеткізушілері және сыртқы қызмет көрсетушілер кіреді.

Хеджирлеу стратегиясы

Компанияның шамамен 70% жанармайы Қазақстанда құйылады, мұнда ол негізінен мұнай өңдеу зауыттарынан тікелей жеткізіледі және логистиканы, соның ішінде тасымалдауды басқарады. Кез-келген делдалдық ұйымнан аулақ болу нәтижесінде Компания шығындардың төмендеуінен пайда көреді.

Жанармайдың шамамен 30%-ы халықаралық нарықтан сатып алынады, оны Компания колл-опциондар арқылы хеджирлейді. Топ 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында күтілетін халықаралық үлесін толығымен сақтандырды, позициялар баррель үшін 80 және 85 АҚШ долл. құрады.

Таза несиелік қаражат жағдайы және тұрақты баланс

Топтың таза несиелік қаражаты/түзетілген EBITDAR көрсеткіші 2022 қаржылық жылдағы 1,7 еседен 2023 қаржылық жылдағы 1,5 есеге дейін төмендеді, бұл ақша қаражатының органикалық өндірілуіне және жыл соңындағы жалдау міндеттемелері теңгерімінің қысқаруына байланысты, бұл өз кезегінде Компанияның орташа мерзімді мақсатынан 3,0 есе аз.

Сондай-ақ, Компания ЕҚДБ-ның 47,7 млн. АҚШ долл. көлеміндегі несиелерін (соның ішінде 2023 жылы алынған 35 млн. АҚШ долл. көлеміндегі несиесін) және 21,6 млн. АҚШ долл. көлеміндегі қаржылық жалдау мерзімін мерзімінен бұрын өтеген.

2023 жылы компания өуе паркі көлемінің ұлғаюына қарамастан жалдау міндеттемелерінің 732,8 млн. АҚШ долл.-нан 718,9 млн. АҚШ долл.-на дейін қысқарғанын байқады. Бұл EXIM банкінің несиесі бойынша кейінге қалдырылған төлемдерді мерзімінен бұрын өтеу және бар самолеттердің капитализацияланған лизинг келісімшарттарының амортизациясына байланысты болды.

Ақша қаражатының сатылымға қатынасы 163,7 млн. АҚШ долл. көлеміндегі несиелік желісін есептегенде 23,3% құрады. Есептелген өтімділік коэффициенті 37,3% құрады, соның ішінде 163,7 млн. АҚШ долл. көлеміндегі пайдаланылмаған несиелік желісін есептегенде (кірістің 14%).

Терминдер глоссарийі

ОКШК: орындалған кресло-шақырым

ж.ж.: жылдан жылға, ж/ж

ҚКШК: Қолжетімді кресло-шақырымға шаққандағы кіріс

ЕҚДБ: Еуропалық қайта құру және даму банкі

Түзетілген EBITDAR: табыс (шығын)/пайда салығы, қаржылық кіріс, қаржылық шығындар, бағамдық айырмашылықтың шығыны, таза тозу және амортизациялық аударымдар, сондай-ақ жалдау шығындары (әуе кемелері үшін ауыспалы жалдау төлемдерін, қосалқы қозғалтқыштарды жалға алу шығындарын, қосалқы бөлшектерді жалға алуды қоса алғанда), мүлікті жалға алу (кеңселерді жалға алу), зауыттарды, машиналарды және жер үсті жабдықтарын жалға алу шығындары) шегерілгенге дейінгі кезеңдегі пайда

ҚКШ: Қолжетімді кресло-шақырым

ҚКШҚ: Қолжетімді кресло-шақырым құны

ТМД: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ЖХ: жанармайды хеджирлеу

ТНО: 2022 жылдың 4-тоқсанында Ресейде ішінара мобилизациялау нәтижесінде туындаған Төтенше нарықтық оқиға, бұл өз кезегінде 2022 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында Ресейден Қазақстанға және Қазақстан арқылы азаматтардың бір реттік ағынына алып келді.

АРЕХ: Жолаушылар әуе компаниялары қауымдастығының

CSAT: Клиенттердің қанағаттану деңгейі көрсеткіші

EASA: Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі

EXIM: Америка Құрама Штаттарының Экспорттық-импорттық банкі

IOSA: Әуе тасымалының қауіпсіздік деңгейін тексеру

NPS: Клиенттердің бейілділік көрсеткіші

SAF: Экологиялық таза авиациялық отын

Кірістер мен шығындар есебі

'000 АҚШ долл.	2023	2022	АҚШ долл. өзгеруі	% өзгеріс
Табыс және басқа кірістер				
Жолаушылар тасымалы	1 143 596	998 120	145 476	15%
Жүк және пошта	22 519	22 124	395	2%
Басқа кірістер	8 399	12 138	(3 739)	(31%)
Кері жалдаумен сату және сату операциялары бойынша пайда	-	-		
Жалпы табыс және басқа кірістер	1 174 514	1 032 382	142 132	14%
Операциялық шығындар				
Жанармай	(279 172)	(231 884)	47 288	20%
Қызметкерлер мен экипаж шығындары	(193 067)	(148 907)	44 160	30%
Амортизация және тозу	(162 011)	(135 178)	26 833	20%
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	(108 180)	(125 891)	(17 711)	(14%)
Әуежай қызметтері және навигация	(105 727)	(84 933)	20 794	24%
Жолаушыларға қызмет көрсету	(101 136)	(80 321)	20 815	26%
Іске асыру шығындары	(40 431)	(33 254)	7 177	22%
Сақтандыру	(10 981)	(8 317)	2 664	32%
АТ және байланыс шығындары	(6 538)	(5 743)	795	14%
Консультациялық және кәсіби қызметтер	(5 729)	(4 258)	1 471	35%
Салықтар	(3 920)	(1 427)	2 493	175%
Мүлік және кеңсе шығындары	(3 865)	(2 483)	1 382	56%
Ұшақты жалға алу бойынша шығындар	(2 217)	(3 893)	(1 676)	(43%)
Дебиторлық берешектің құнсыздануы	(124)	(394)	(270)	(69%)
Басқа операциялық шығындар	(15 435)	(16 784)	(1 349)	(8%)
Жалпы операциялық шығындар	(1 038 533)	(883 667)	154 866	18%
Операциялық пайда	135 981	148 715	(12 734)	(9%)
Қаржылық кіріс	14 806	6 995	7 811	112%
Қаржылық шығындар	(49 892)	(39 254)	10 638	27%
Валюталық таза шығын	(13 803)	(15 065)	(1 262)	(8%)
Салық салғанға дейінгі пайда	87 092	101 391	(14 299)	(14%)
Табыс салығы бойынша шығын	(18 387)	(22 977)	(4 590)	(20%)
Жыл ішіндегі пайда	68 705	78 414	(9 709)	(12%)
Бір акцияға шаққандағы пайда, базалық және ажыратылған (АҚШ долл.)	0,225	0,256	(0,031)	(12%)

Шоғырландырылған баланс

'000 АҚШ долл.	31 желтоқсан 2023	31 желтоқсан 2022	Өзгеріс (АҚШ долл.)	% өзгеріс
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар және жабдықтар	853 320	817 585	35 735	4%
Материалдық емес активтер	2 836	1 553	1 283	83%
Алдын ала төлемдер	18 451	15 517	2 934	19%
Кепілдік салымдар	33 302	29 520	3 782	13%
Кейінге қалдырылған салық активтері	37 040	18 487	18 553	100%
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	1 343	1 300	43	3%
	946 292	883 962	62 330	7%
Ағымдағы активтер				
Тауарлы-материалдық босалқы қорлар	67 548	49 175	18 373	37%
Алдын ала төлемдер	24 825	21 011	3 814	18%
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	13 259	8 978	4 281	48%
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	23 525	21 307	2 218	10%
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем	10 247	8 378	1 869	22%
Кепілдік салымдар	1 979	3 516	(1 537)	(44%)
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	274 006	252 888	21 118	8%
Басқа қаржылық активтер	763	1 660	(897)	(54%)
	416 152	366 913	49 239	13%
Активтер жиыны	1 362 444	1 250 875	111 569	9%
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Меншікті капитал				
Жарғылық капитал	17 000	17 000	-	0%
Шетел валютасын аудару бойынша резерв	(9 324)	(9 324)	-	0%
Хеджирлеу құралдары бойынша резерв, салық шигерісінен кейін	(16 292)	(25 398)	9 106	(36%)
Бөлінбеген пайда	221 975	169 990	51 985	31%
Меншікті капитал жиыны	213 359	152 268	61 091	40%
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Несиелер	-	4 162	(4 162)	(100%)
Жалға алу бойынша міндеттемелер	543 896	574 211	(30 315)	(5%)
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	148 618	117 958	30 660	26%
Қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	623	2 268	(1 645)	(73%)
	693 137	698 599	(5 462)	(1%)
Ағымдағы міндеттемелер				
Несиелер	412	7 934	(7 522)	(95%)
Жалға алу бойынша міндеттемелер	174 997	158 593	16 404	10%
Болашақ кезеңдердің табыстары	84 368	80 152	4 216	5%
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	105 170	71 685	33 485	47%
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	91 001	81 405	9 596	12%
Басқа қаржылық міндеттемелер	-	239	(239)	(100%)

	<u>455 948</u>	<u>400 008</u>	<u>55 940</u>	<u>14%</u>
Міндеттемелер жиыны	<u>1 149 085</u>	<u>1 098 607</u>	<u>50 478</u>	<u>5%</u>
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны	<u>1 362 444</u>	<u>1 250 875</u>	<u>111 569</u>	<u>9%</u>

Ақша қаражатының қозғалысы

'000 АҚШ долл.	2023	2022	Өзгеріс (АҚШ долл.)	% өзгеріс
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:				
Салық салғанға дейінгі пайда	87 092	101 391	(14 299)	(14%)
Түзетулер:				
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	162 011	135 178	26 833	20%
Негізгі құралдарды сатудан түскен кірістер	(3 499)	(2 239)	1 260	56%
Ақша қаражаттары және оның баламалары, кепілдендірілген депозиттер мен сауда және басқа да дебиторлық берешектің, берілген алғытөлемдердің құнсыздануы бойынша резервтегі өзгерістер	(76)	(2 428)	(2 352)	(97%)
Өтімсіз тауарлы-материалдық босалқы қорлар бойынша резервтің өзгеруі	(621)	4 290	(4 911)	(114%)
Пайдаланылмаған демалыс үшін резервтің өзгеруі	(316)	(76)	240	316%
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервінің өзгеруі	85 830	80 514	5 316	7%
Клиенттердің сенімділігі бағдарламасының резерві өзгерісін есептеу	2 774	962	1 812	188%
Валюталық таза шығын	13 803	15 065	(1 262)	(8%)
Құнсыздануды қоспағанда, қаржылық кіріс	(14 321)	(6 274)	8 047	128%
Құнсыздануды қоспағанда, қаржылық шығындар	49 462	39 140	10 322	26%
COVID-19-ға байланысты жалдау төлемдерін кейінге қалдыру әсері	382 139	365 523	16 616	5%
Әуе кемелерін мерзімінен бұрын қайтарудан түскен табыс				
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары	(831)	(3 807)	(2 976)	(78%)
	(5 625)	3 271	(8 896)	(272%)
Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі	(16 787)	(481)	16 306	3 390%
Алғытөлемдердің өзгеруі	(17 993)	(732)	17 261	2 358%
Тауарлы-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі	1 442	21 930	(20 488)	(93%)
Саудалық кредиторлық берешектің және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша резервтің өзгеруі	(129)	5 995	(6 124)	(102%)
Болашақ кезеңдер табыстарының өзгеруі	342 216	391 699	(49 483)	(13%)
Басқа қаржылық құралдардың өзгеруі				
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары	(42 839)	(47 003)	(4 164)	(9%)
	14 081	6 274	7 807	124%
Төленген табыс салығы	313 458	350 970	(37 512)	(11%)
Алынған сыйақы				
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары				
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:				
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу	(41 777)	(48 270)	(6 493)	(13%)
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатудан түсетін түсімдер	4 980	1 974	3 006	152%

Материалдық емес активтерді сатып алу	(2 116)	(659)	1 457	221%
Банктік және кепілдік депозиттерді орналастыру	(9 979)	(25 286)	(15 307)	(61%)
Банктік және кепілдік депозиттерді шығару	2 876	11 882	(9 006)	(76%)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары	(46 016)	(60 359)	(14 343)	(24%)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:				
Жалдау төлемдері	(173 302)	(173 501)	(199)	0.11%
Төленген сыйақы	(42 717)	(38 354)	4 363	11%
Қарыздарды қайтару және кері жалға алу арқылы сатудан қосымша қаржыландыру	(46 640)	(104 395)	(57 755)	(55%)
Алынған қарыздар және кері жалға алумен сатудан қосымша қаржыландыру	35 000	52 706	(17 706)	(34%)
Төленген дивидендтер	(16 776)	-	16 776	-
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	(244 435)	(263 544)	(19 109)	(7%)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ӨСУІ	23 007	27 067	(4 060)	(15%)
Шетел валютасындағы қолма-қол ақша айырбастау бағамдарының өзгеруінің әсері	(1 888)	(535)	1 353	253%
Күтілетін несиелік шығындар қозғалысының ақша қаражаттары мен банктегі қалдықтарға әсері	(1)	(1)	-	-
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	252 888	226 357	26 531	12%
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	274 006	252 888	21 118	8%

Қаржылық есептілікке ескертпелер

Толық Қаржылық есептілікті, соның ішінде ескертпелерді алу үшін Топтың Инвесторлармен байланыс жөніндегі веб-сайтына кіріңіз: <https://ir.airastana.com/>